

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес**

Хаттама № 2

01.03.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Оқу жұмысының барысы туралы ақпаратты жинау, жүйелеу және сақтау
Бір педагогтің педагогикалық үдерісін екінші педагог жұмыс тәжірибесімен
салыстыра отырып талдау және бағалау

1- наурыз Азаматтық қорғаныс күніне орай іс –шара

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі
Г.У.Жанабилова сөз алды. Оқу жұмысының барысын таныстырып өтті.
Барлық жасалған ақпаратты жинап оны жүйелеп отырыңыздар. Барлық
жұмыстарды сақтаңыздар. Күнделікті өткізілген іс- әрекеттерді жинақтап
күнделікті әдіскерге тексертіңіздер.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері
А.Султанбекова сөз алды. Тәрбиешілердің жасалған жұмыстары мен іс-
шараларын талдап, салыстыра отырып нәтиже көрсетейік. Кез- келген жұмыс
тәжірибесін өзге әріптестермен бөлісе отырсақ бірімізге біріміз тәжірбие
алмасар едік.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі
М.Жарасбаева сөз алды. Азаматтық қорғаныс күніне орай балабақшада
нысандық жаттығу өткізді. Тақырыбы «Қар көшкінінің алдын алу».
Нысандық жаттығудың негізгі мақсаты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз
ету.

Қаулы етеді:

1. Сейсможаттығу әр кезең жоспарға сәйкес жауапкершілікпен өткізілсін.
2. Өткізілген жаттығулар қорытындысы жоспарымен қоса фотосуретпен қоса тігіліп тапсырылсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес**

Хаттама № 1

04.09.2023 жыл

Қатысқандар: бөбекжай- бақша
педагогтары

Күн тәртібінде

1. Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру.
2. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова «Заттық-кеңістік дамытушы орта» бөбекжай-бақша үшін өте маңызды. Биылғы жылғы нұсқау хатта да, басым көрсетілгенін айтып өтті. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін, жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдаланатынын, сонымен қоса дамытушы орта балаға қызығушылықтары мен өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік беретінін айтты. Педагогтар толық қолдады.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Султанбекова әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру керектігін айтты.

Қаулы етеді:

1. Дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдар мен байыту ұсынылды.
2. Әр топта балаларға жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру ұсынылды.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Әдістемелік кеңес**

Хаттама № 2

05.02.2024 жыл

Қатысқандар: бөбекжай- бақша
педагогтары

Күн тәртібінде

Мектепке дейінгі балалардың дамуындағы сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова балалар ойыны әралуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы: сюжеттік-рөлдік, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындары. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Сюжеттік-рөлді ойын мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты ойын түрі. Оны сипаттай отырып, С.Л. Рубинштейн бұл ойын баланың ересектермен өзара әрекеттесуіне негізделгенін атап өтсе, Д.Б. Эльконин ойын баланың зияткерлік және моральдық-еріктік дамуына әсер ететін жетекші қызмет түрі деп атады. Бүгінгі таңда балалардың сюжеттік ойындарын белгілеу үшін әртүрлі терминдер қолданылады: «шығармашылық», «сюжеттік-рөлдік» және «әуесқой» сюжеттік-рөлдік ойын, рөл құрылымдық компоненттеріне ие. Бала тек ойнауға ғана емес, белгілі бір рөлді орындауға да ұмтылады. Әрекетті, рөлдерді, бейнені өзгерту қабілеті, қиялдың күшімен балалар ойын жасайды. Ойында нақты жағдай, кеңістік жоқ. Ойын уақыты ұзақта, қысқа да болуы мүмкін.

Қаулы етеді:

1. Сюжеттік ойындарын жеткілікті және әртүрлі материалдар мен байыту ұсынылды.

Меңгеруші:

Хатшы:



Г.У.Жанабилова

М.Нурбаева